ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ

ӘКІМІ

АКИМ

КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

«14» наурыз 20 24 ж./г.

№ 62-ө

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

«Үлгілі елді мекен» конкурсының кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 630-ө өкіміне өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес:

1. «Үлгілі елді мекен» конкурсының кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 630-ө өкіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген өкімнің қосымшасындағы Қызылорда облысының елді мекендері арасында «Үлгілі елді мекен» конкурсын өткізудің шарттары осы өкімнің қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен осы өкімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

4. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының әкімі **Н. Нәлібаев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

БСН 940640000561

Қызылорда облысы әкімінің
2024 жылғы «14» наурыз №67-ө өкіміне
қосымша

Қызылорда облысы әкімінің
2022 жылғы «28» желтоқсандағы № 630-ө өкіміне
қосымша

Қызылорда облысының елді мекендері арасында «Үлгілі елді мекен» конкурсын өткізудің шарттары

1. Жалпы ережелер

1. Қызылорда облысының елді мекендері арасында «Үлгілі елді мекен» конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) өткізудің шарттары Конкурс ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Конкурстың мақсаты:

1) адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету;

2) қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму мәселелерін шешуде жариялылықты және жұртшылықтың жан-жақты қатысуын қамтамасыз ету;

3) тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуін барынша азайту және оларды жинау үшін белгіленген жерлерде орналастыруды не ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан өз бетінше әкетуді қамтамасыз ету;

4) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

3. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Үлгілі аудан»;

2) «Үлгілі ауыл»;

3) «Үлгілі елді мекен».

«Үлгілі аудан» және «Үлгілі ауыл» номинациялары бойынша I, II және III орын жеңімпаздары анықталады.

«Үлгілі елді мекен» номинациясы бойынша әр ауданнан 1 жеңімпаз елді мекен анықталады.

2. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

4. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Басқарма) бұйрығымен облыстық тәуелсіз сарапшылық комиссиясы (бұдан әрі - Облыстық тәуелсіз сарапшылық комиссия) құрылады. Құрамына қоғамдық ұйымдар мен салалық мүдделі мекемелердің өкілдері енгізіледі. Комиссия тұрақты орган болып табылады және мүшелердің тақ санынан тұрады, бірақ жеті адамнан кем емес.

5. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері (өкім) арқылы аудандық (қалалық) тәуелсіз сарапшылық комиссиясы (бұдан әрі - Аудандық (қалалық) тәуелсіз сарапшылық комиссия) құрылады. Құрамына қоғамдық ұйымдар мен салалық мүдделі мекемелердің өкілдері енгізіледі. Комиссия тұрақты орган болып табылады және мүшелердің тақ санынан тұрады, бірақ бес адамнан кем емес.

6. Облыстық және аудандық (қалалық) тәуелсіз сарапшылық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді.

7. Облыстық және аудандық (қалалық) тәуелсіз сарапшылық комиссия құрамының жартысынан көбі дауыс берсе шешім қабылданған болып есептеледі.

8. Конкурсқа елді мекендердің қатысу реттілігі:

«Үлгілі аудан» номинациясына аудандардағы кенттер мен қалалар;

«Үлгілі ауыл» номинациясына тірек және серіктес елді мекендер;

«Үлгілі елді мекен» номинациясына тірек және серіктес елді мекендерден басқа, елді мекендер қатысады.

9. Елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстар төмендегі параметрлер бойынша бағаланады:

1) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдар, мемлекеттік органдардың әкімшілік ғимараттары, ауруханалар, мектептер, мемлекеттік тұрғын үй қоры, парктер, бульварлар, гүлзарлар және қоғамдық пайдаланудағы басқа да объектілердің абаттандырылуы, күтіп ұсталуы және пайдаланылуы (0-5 балл);

2) әлеуметтік мекемелердегі (денсаулық сақтау, білім беру және спорт, халықты әлеуметтік қорғау және мәдениет) жасалған көгалдандыру жұмыстарының нәтижелері (0-5 балл) *(бір тектес мекемелер біріктіріліп 5 балдық жүйемен бағаланады, мысалы: аурухана мен амбулатория бір тектес болып саналады);*

3) жеке тұрғын үйді көгалдандыру туралы (аула саны, олардың көгалданғаны) (0-5 балл);

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың барлық мемлекеттік органның өзара іс-қимыл жасауы мен қызметін үйлестіруді көздейтін тиімді жүйесін қалыптастыру (0-5 балл);

5) өздерінің меншігіндегі (иелігіндегі, қолдануындағы) пайдаланылушы объектілерді олардың азаматтар үшін қауіпсіздігін, сондай-ақ халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына кедергісіз қолжетімділігін, эстетикалық талаптарды қоса алғанда, нормативтік және басқа да міндетті талаптарға сәйкес тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін лайықты жағдайда ұстау (0-5 балл);

6) теміржолдардың, автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральдық құбыржолдардың және басқа да желілік құрылысжайлардың бөлінген белдеулерінде орналасқан қорғаныштық екпелер осы объектілерді қолайсыз табиғи құбылыстардан қорғау, қоршаған ортаның ластануын болғызбау (0-5 балл);

7) әлеуметтік мәні бар объектілердің салынуы (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет ұйымдары және басқалар) (0-5 балл);

8) судың жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылыстары мен техникалық құрылғыларды ақаусыз күйінде ұстау, олардың пайдаланылу сапасын жақсарту, су ресурстарын пайдалануды есепке алу, су шаруашылығы құрылыстарының су тарту, су жіберу мен сарқынды және коллекторлық суларды ағызу құрылыстарын өлшеу құралдарымен және су өлшеу аспаптарымен жабдықтау (0-5 балл);

9) тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыруға арналған полигондардың жай-күйі (0-5 балл);

10) қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптар, коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, қалпына келтіру, оның ішінде қайта өңдеу және жою жөніндегі қызметті жүзеге асыру (0-5 балл);

11) коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын әзірлеу және тиісті жергілікті өкілді органдарға бекітуге ұсыну (0-5 балл);

12) тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді әзірлеу және тиісті жергілікті өкілді органдарға бекітуге ұсыну (0-5 балл).

10. Конкурс келесі кезеңдерде өткізіледі:

Бірінші кезең - аудандық конкурс (25 наурыздан 1 мамырға дейін)

Аудан әкімдіктері елді мекендер арасында конкурс ұйымдастырып, оның қорытындысымен жеңімпаздардың құжаттарын Басқармаға тиісті жылдың 1 мамырына дейін ұсынады.

Екінші кезең – облыстық конкурс тиісті жылдың (1 мамырдан 1 маусымға дейін).

Облыстық конкурсқа қатысу жөнінде аудандар әкімдері қол қойылған ұсыныс-хат жазылып, Басқармаға жолданады оған төмендегі құжаттар тіркеледі:

1) аудандық (қалалық) тәуелсіз сарапшылық комиссиясының бекітілген құрамы;

2) аудандық (қалалық) тәуелсіз сарапшылық комиссиясының қорытынды хаттамалық шешімі;

3) соңғы өткізілген конкурстан кейін жасалған жұмыстар мен салынған обьектілер туралы толық ақпарат қағаз және электронды нұсқада тіркеледі *(материалдарды жазбаша түсіндірме ақпарат күйінде, оған қоса фотосуреттер, бейнероликтер, слайдтар түрлерінде тапсырады).*

Басқарма конкурсқа ұсынылған құжаттарды облыстық тәуелсіз сарапшылық комиссиясына жолдайды.

Облыстық тәуелсіз сарапшылық комиссия жүлделі орындарға ұсынылған құжаттарды, соңғы өткізілген конкурстан кейін жасалған жұмыстарды, салынған нысандарды қарап бағалайды және қорытындысын тиісті жылдың 1 маусымына дейін шығарады.

3. Конкурстың қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау

11. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау үшін облыстық бюджеттен келесі сыйлықтарға қаржы бөлінеді:

Конкурстың қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау	«Үлгілі аудан» номинациясы бойынша	«Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша	«Үлгілі елді мекен» номинациясы бойынша
I орын	Қалдық тасымалдаушы көлігі	Автогидрокөтергіш	Абаттандыру жобаларын қаржыландыру сыйлығы
	Ассенизатор машинасы	Жер қазушы тракторы	
	Жер қазушы тракторы		
	Жол тазалағыш тракторы	Тіркемесімен тиегіш-тракторы	
II орын	Қалдық тасымалдаушы көлігі	Жер қазушы тракторы	
	Ассенизатор машинасы		
	Жол тазалағыш тракторы	Тіркемесімен тиегіш-тракторы	
III орын	Қалдық тасымалдаушы көлігі	Тіркемесімен тиегіш-тракторы	
	Тіркемесімен тиегіш-тракторы		

12. Қызылорда облысының елді мекендері арасында «Үлгілі елді мекен» конкурсын өткізудің шарттарының 11-тармағында белгіленген техникаларды алу және жобаларды қаржыландыру үшін қаржыландырудың келесі түрлері белгіленеді:

1) «Үлгілі аудан» және «Үлгілі ауыл» номинациялары бойынша техникалар алу 254 032 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша Басқарманың орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелері арқылы жүзеге асырылады;

2) «Үлгілі елді мекен» номинациясы бойынша абаттандыру жобаларын қаржыландыру сыйлығы 254 113 «Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» және 254 114 «Төмендегі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері» бюджеттік бағдарламалары бойынша жеңімпаз болып танылған ауылдық округ әкімі аппаратына конкурс өткен жылдан кейінгі жылға трансферт бөлу арқылы жүзеге асырылады.

13. Конкурсты өткізу үшін ұйымдастыру шығындарын қаржыландыру облыстық бюджеттен 254 001 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша Басқарма арқылы жүзеге асырылады.

14. Конкурс жеңімпаздарына сыйлықтар алыс-беріс актісімен рәсімделеді.